




Өткен жұмада Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті 60 жылдық мерейтойын атап өтті. Шараға облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысып, университет қызметкерлерінің жеткен жетістіктері қойылған көрмемен, ғылыми жұмыстармен және түлектердің «Жәңгір ханның сара жолы» атты кітап бұрышымен танысты. Мерекелік жиынның шымылдығын Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ректоры, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Асқар Нәметов жылы лебізімен ашты.



# Білікті мамандардың ұстаханасына айналған білім ордасы

Салтанатты шара басталмас бұрын мерейтойға жиналғандар бас ғимараттың фойесінде ұйымдастырылған көрмені тамашалады. Көрмеде аталмыш оқу орнының зертханалық, халықаралық дәрежедегі жануарлар генетикасы, мал және ауыл шаруашылығы саласындағы оң селекциялық жетістіктері қойылған. Сондай-ақ, «Ақылды фермалар» бағдарламасы аясындағы немесе алыс жайылымдағы суларды үнемді пайдалану, алма ағашының технологиясы, құрылыс материалдарын жасау жөніндегі қол жеткізген табыстарын университеттің ғылым жөніндегі проректоры Әлжан Шәмшідін жиналғандарға таныстырды.

Алпыс жылдық тарихы бар, тамыры тереңге жайылған батыс өңірінің бетке ұстар оқу ордасының мерейлі тойымен барша қонақтарды, зиялы қауымды, түлектерді, ұстаздар мен студенттерді құттықтаған ректор Асқар Нәметов білім ордасының



қазіргі тыныс-тіршілігіне тоқталды.

— Бүгінгі шарамызға жиналғандардың ішінде 40 жыл бұрын бітірген түлектеріміз де бар екен. Олардың барлығы да белгілі бір табыстарға жеткен азаматтар. Жәңгір хан университеті қазіргі уақытта кәсіби білікті кадрлар даярлаумен қатар жаңа технологияларды, ғылыми жаңалықтарды жүзеге асырумен де



айналысып келеді. Бүгін сапалы мамандар даярлау бағытындағы ісімізді одан әрі жетілдіру үшін түлектер мен қамқоршылардың басын қоса отырып, әріптестік байланысымызды одан әрі нығайтсақ дейміз, — деді Асқар Мырзахметұлы.

Салтанатты жиында сахна төріне шақырылған облыс әкімі Нариман Төреғалиев: — Туған өлкемізде, терең тарихымен, ерекше табиғатымен, белгілі тұлғаларымен қазақ елінің шежіресінде ойып тұрып өз орнын алған қасиетті Ақ Жайық өңірінде қоғамдық маңызы зор мереке өтуде. Білім мен ғылымның қарашаңырағына айналған, сапалы білім мен саналы тәрбие беретін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ұжымын, түлектерін шын жүректен 60 жылдық мерейтоймен құттықтаймын!

Жоғарғы оқу орны атауы — ауылмен байланысты. Ауыл — ежелден қазақтың тал бесігі, алтын ұясы, елдігіміздің тірегі. Ұлт руханияты да ауылдан басталады. Салт-дәстүр мен мәдениетіміздің сарқылмас мол қоры ауылдарымызда сақталып келеді. Ауыл өркендемей, ел өркендемейді. Тарихқа тоқтасақ,

осыдан алпыс жылдай уақыт бұрын Қазақ Кеңестік Республикасының Министрлер кеңесінің қаулысымен Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты болып құрылған. Сол жылдардан бастап, жоғарғы оқу орны тағдырлы кезеңдердің, дәуірлік, әлеуметтік-экономикалық оқиғалардың куәсі болды.

Алпыс жыл — жүріп өткен жолды бағалауға мүмкіндік беретін уақыт. Университет осы уақыт ішінде елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, Қазақстанның жетекші университеттері арасынан лайықты орнын ала білді. Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттіктің 2022 жылғы қорытындысы бойынша аталмыш оқу орны

дай-ақ, танымал агро-ғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату керектігіне баса назар аударды. Президент өз сөзінде «Қазіргі ауыл шаруашылығы — жоғары технологиялы сала. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай атқаруға емес, құрдымға кетеді. Біз жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдаймыз. Білім беру бағдарламаларын ауыл шаруашылығы талаптарына бейімдеу қажет» деп, білім ордаларына нақты міндет жүктеген болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының осы тапсырмасын іске асыруда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ұжымының рөлі ерекше деп білемін және ел игілігі үшін бірге жұмыс атқарамыз деп сенемін. Қазіргі таңда профессорлар, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, магистранттар мен төрт мыңнан астам студенттер жұмыстануда. Залда отырған түлектердің басым бөлігі өз саласында табысты, биік белестерді бағындырған, өмірлік тәжірибесі бар білікті тұлғалар, — деген облыс басшысы Нариман Төреғалиұлы БҚАТУ ұжымына толағай табыс тіледі.

Бұдан соң «Түлектер мен қамқоршылар» форумында білім ордасының түлектері, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Егізбаев, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы Мұрат Мұқаев, «Белес» компаниялар тобының бас директоры Мұрат Жәкібаев, «Қазақстан Халық банкі» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Игорь Стеков, «Орал трансформатор зауыты» ЖШС басқарушы директоры Дәурен Тұрлыбеков, «Shell Kasakstan» жергілікті мазмұны бойынша менеджері Ринат Хусаинов мансап және бизнестегі өздерінің табысты жолдарының тәжірибесімен, студенттердің практика кезіндегі жұмыс берушілермен бірлескен жұмыстары жөнінде талқыға салды. Сондай-ақ, өздері оқыған білім ордасындағы студенттік кездерін еске алып, білім берген ұстаздарына ризашылықтарын білдірді. Шараның соңы түлектер мен білім алушылар дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

## Әліби ЖАНГЕЛДІ, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың 2015 жылғы түлегі, облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру-басқару бөлімінің бас инспекторы:



— 2015 жылы Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың машина жасау факультетін бітіріп, технология жабдықтары мамандығын игердім. Студент кезімнен мамандықты игеруге ықпал жасаған аталмыш университеттің ұстаздарына алғысымды білдіремін. КПОБ.6 компаниясында жұмыс жасап, тәжірибеден өттім. Бұл оқу орны — ең қызықты студенттік шағымыздың ордасы. Тобымыздың жетекшісі Ғайса Луқпановқа алғысым шексіз. Шын ізгілік — алған білімді кәдеге жарату. Алдағы уақытта өлі де талай түлекті шыңдап, түлете берсін!

## Самал ЕСЕНГЕЛДІҚЫЗЫ, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың 1995 жылғы түлегі, банк қызметкері:

— 1991 жылы Орал қаласындағы №20 орта мектепті күміс медальмен бітірдім. 1991-1995 жылдарда аталмыш университетте білім алып, 1995 жылы ойдағыдай аяқтадым. Еңбек жолымды осы білім ордасынан бастап, жеті жыл бойы өзімнің ұстаздарыммен бірге аянбай еңбек еттім. Анна Ким, профессор, марқұм Ким Ахметов сияқты оқытушылардың тәлім-тәрбиесін алып, болашағымның іргетасын қаладым. Сондықтан да олардың жасаған еңбектері үшін шексіз алғыс айтамын. Мәскеу қаласындағы К.Тимирязев атындағы университетте оқып, ғылым кандидаты дәрежесіне дейін өстім. Жиырма жылдан бері банк саласында қызмет етемін. Түлектерге айтарым, әр саланың мықты мамандары болып, аман жүрейік!

